

2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 сәуірдегі № 66 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 17 мамырда № 7-9-105 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы № 32 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2012.02.06 № 32 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" № 1163 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" № 250 қаулысын басшылыққа алып, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Аудандық комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында медициналық комиссия құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кестесі бекітілсін.
4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды медициналық және шақыру комиссияларынан өту үшін жеткізуді және оларды әскери қызмет өткеру үшін жөнелтуді қамтамасыз етсін.

5. Батыс Қазақстан облысы "Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кезеңіне техникалық қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етсін.

6. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының "Қаратөбе аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуді дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медицина және шаруашылық мүлкімен қамтамасыз етсін.

7. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Қаратөбе ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Өмірзақовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Н. Қарағойшин

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Қаратөбе ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, капитан
----- Р. Мажитов

13.04.2011 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Қаратөбе
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының

д и р е к т о р ы

----- 3. Мағзотов

13.04.2011 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
Ішкі істер департаменті
Қаратөбе ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы, майор
----- А. Сериков

13.04.2011 ж.

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 4

с ә у і р д е г і

№ 66 қаулысына қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Мажитов Рафхат Куанаевич - "Батыс Қазақстан облысы
Қаратөбе ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
бастығы, комиссия төрағасы

(келісім бойынша)

Мухитов Нурболат Абаевич - "Қаратөбе аудан әкімі
аппараты" мемлекеттік
мекемесінің бас маманы,
комиссия төрағасының

орынбасары

Комиссия мүшелері

Шамғалиев Нуркен
Сагынғалиевич

- "Батыс Қазақстан облысының
Ішкі Істер департаменті
Қаратөбе ауданының ішкі
істер бөлімі" бастығының

орынбасары (келісім бойынша)

Есекеева Румия Есболовна - Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Қаратөбе
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының

терапевт дәрігері -
 медициналық комиссияның
 төрайымы (келісім бойынша)
 Карашолакова Болган - Батыс Қазақстан облысының
 Умбеткалиевна әкімдігі денсаулық сақтау
 басқармасының "Қаратөбе
 аудандық орталық ауруханасы"
 мемлекеттік коммуналдық
 қазыналық кәсіпорнының
 медбикесі - комиссия хатшысы
 (келісім бойынша)

Аудандық медициналық комиссияның құрамы

Медициналық комиссияның төрайымы, дәрігер

Дәрігер - мамандары :
 Терапевт (Педиатр)
 Хирург
 Невропатолог
 Отоларинголог
 Офтальмолог
 Дерматолог
 Фтизиатр
 Эндокринолог
 Психиатр

Стоматолог

А у д а н

әкімдігінің

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 4

сәуірдегі

№ 66 қаулысымен бекітілген

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

р/с	ҚІЖБ атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Қазан	Қараша	Ж е л - тоқсан
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	"Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе	1, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 19, 20, 21,	3, 4, 5, 6, 10 , 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20, 23,	1, 2, 3, 6, 7, 8 , 9, 10, 13, 14 , 15, 16, 17, 20, 21, 22, 23	3, 4, 5, 6, 7, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 20,	1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 14,	1, 2, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 13, 14,

ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	22, 25, 26, 27, 28, 29	24, 25, 26, 27, 30, 31	, 24, 27, 28, 29, 30	21, 24, 25, 26, 27, 28, 31	15, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30	15, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30, 31
--	------------------------	------------------------	----------------------	----------------------------	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК